

## Жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Денисов ауданы әкімінің 2024 жылғы 2 шілдедегі № 4 шешімі. Күші жойылды - Қостанай облысы Денисов ауданы әкімінің 2026 жылғы 28 сәуірдегі № 4 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Денисов ауданы әкімінің 28.04.2026 № 4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабына, "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 48-бабына және 50-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына, "Төтенше жағдайлар жіктемелерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 10 мамырдағы № 240 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32469 болып тіркелген), және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрілігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қостанай облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Денисов аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы" РММ-нің орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сумен жабдықтаудың ауыз су үлгілерін зерттеу туралы Денисов ауданы Приречен ауылдық округі Приреченка ауылының 2024 жылғы 6 наурыздағы № 2240001012205396, № 2240001012205538 және Денисов ауданы Приречен ауылдық округінің Окраинка ауылы 2024 жылғы 6 наурыздағы № 2240001012205673 хаттамаларының негізінде ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қостанай облысы Денисов ауданы Приречен ауылдық округінің Приреченка және Окраинка ауылдарының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жою басшысы болып Денисов ауданы әкімінің орынбасары Жанғабұлов Сабир Әмірханұлы тағайындалсын және осы шешімнен туындайтын іс-шараларды жүргізуді тапсырсын.

3. "Денисов ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Осы шешімге қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан

Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау бланкісіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қостанай облысы бойынша "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалына жіберу;

2) Осы шешімді ресми жарияланғаннан кейін Денисов ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыру.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Денисов ауданының әкімі*

*Р. Қатпаев*